



Түркістан облысы Арыс қаласы
« И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2022-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасы.

МАЗМУНЫ:

№	Бөлімдердің атаулары
1	Мектептің 2022-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасының паспорты.
2	Бағдарламаның мақсаттары
3	Бағдарламаның даму кезеңдері
4	1.Мектеп қызметінің ағымдағы жағдайына қысқаша сипаттама. 2.Мектептің 2022-2026 жылдарға білім беру жүйесінің жағдайына талдау. 3.Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау.
5	1.Мектептегі дамыту бағдарламасының Тұжырымдамасы 2.Мектептің миссиясы, мақсаттары мен міндеттері. 3. Мектепті дамытудың басым бағыттары 4.Бағдарламанғы іске асырудың тетіктері 6. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер.

**Мектептің 2022-2026 жылдарға арналған даму
бағдарламасының паспорты**

Бағдарлама атауы	И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектептің 2022-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	1. ҚР «Білім туралы» Заңы 2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы. 4. БҰҰ «Бала құқығы туралы Конвенция» 5. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасы 6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»
Негізгі әзірлеуші	Мектептің оқу-әдістемелік кеңесі
Мақсаттары	1. Орта білім беру жүйесіне көшуде жанартылған беру аясында педагогикалық ұжымның қызметіне тиімді жағдай жасау. 2. Білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту
Міндеттері	* Білім алушылардың білім сапасын 59% ға арттыру; * Білім сапасын арттыруда ғылыми-зерттеу жұмыстарына 40% мектеп оқушыларын қатыстыру; * Білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту; * Оқытудың, кәсіптік даярлықтың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету. * Педагогикалық білім беруді жаңғырту; * Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету * Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру; * Педагогтер кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын арттыру арқылы, оқушыларды кәсіби мамандыққа баулу;

	*"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту; *Ата -ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастық ортаны қалыптастыру; *Жаңа мазмұндағы басқару формасын іске қосу *Қазіргі заманғы жабдықтармен жарақталған оқу кабинеттерінің санын көбейту; * Компьютердің оқушылар санына шаққандағы үлесін азайту
Күтілетін нәтижелер	*Білім беру жоспарларында мектеп мұғалімдерінің қазіргі технологияларды қолдана біледі * Мамандық таңдау барысында оқушылармен жеке жұмыс жүргізіледі. *Оқушылардың жеке жоспарларын жүзеге асыруда оларға қол ұшы беріледі. * Жаңа білім беру мазмұны бойынша сапалы білім беріледі. *Қолданбалы және таңдау бойынша курстарды шебер жүргізе біледі * Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасымен қамтамасыз етіледі. *Оқушылардың функционалдық сауаттылығы қалыптасады.
Іске асыру мерзімдері	2022-2026 жылдар

Бағдарламаның мақсаттары- білім берудің жаңа сапасына жетудің тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау және ендіру. Мектептің бәсекеге қабілеттілігін күшейту, дәстүрлі білім беретін мектепті тұлғаға бағытталған мектепке айналдыру.

Стратегиялық мақсаты- оқу үдерісін оқушының жеке ерекшелігіне, оқыту мазмұнының әртүрлі деңгейіне бейімдеу, оқу-тәрбие үдерісіне белсенді оқыту және тәрбиелеу әдістерін ендіру және білім, біліктілік, дағды деңгейін диагностикалау, мұғалімнің шығармашылық мүмкіндігін және оқушы тұлғасының дамуына барынша жағдай жасау.

Бағдарламаның даму кезеңдері:

Жылдар	Іс -шаралар	Орындаушылар
I кезең 2022- 2023 жылы	Даму бағдарламасын құрастыру, білім беру және тәрбие бағдарламаларын дайындау, апробациялау және енгізу. Оқу жоспарының, бағдарламаның орындалуын ұйымдастыру. Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз әдістемелік және психологиялық оқыту жүйесін құру; Оқушының психологиялық, педагогикалық тұрғыда диагностика арқылы зерделеу; Талдау жасау, ақпарат банкі құру	Мектеп директоры: Оқу ісінің орынбасары: Тәрбие ісі орынбасары:
II кезең 2023- 2024 жыл	Бағдарлама іс-шараларының орындалуын ұйымдастыру, орындалу барысын бақылау, жобаларды түзету, жаңа сапалық мектептің білім беру үдерісін ұйымдастыру, білім сапасын басқару. Мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік деңгейін, кәсіби біліктілігін, шеберлігін дамыту; Педагогикалық және инновациялық технологияларды меңгеру және енгізу. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізу	Мектеп директоры: Оқу ісінің орынбасары: Бейіндік жөніндегі орынбасарлары:
III кезең 2024- 2025 жыл 2025- 2026 жыл	Оқу, тәрбие және даму нәтижелерін талдау және expertтік бағалау, нәтижелер туралы есеп беру Шығармашылықпен жұмыс істеген мұғалімдердің авторлық бағдарламаларын шығару, іс-тәжірибелерін тарату; Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған тапсырмалар жинағын шығару	Мектеп директоры: Оқу ісінің орынбасары: Бейіндік жөніндегі орынбасарлары:

1. Мектеп қызметінің ағымдағы жағдайына қысқаша сипаттама.

Толық атауы:	Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасының Арыс қаласының әлеуетті дамыту бөлімінің «И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	
Заңды мекенжайы:	Арыс қаласы Нұрсая м/а. Ақпай көшесі №2 үй	
Телефон:	8 (725) 4020033	
Мекеме түрі:	Типтік	
Оқыту тілі:	қазақ	
Мектеп құрылған жылы	1965 жылы А. Жданов атындағы сегіз жылдық орыс мектебі болып ашылған. 1989 жылы наурыз айында Арыс қалалық атқару комитетінің ұйғарымы бойынша жерлесіміз, Кеңес Одағының батыры И.Журба есімі беріліп, негізгі орта мектеп болып қайта аталған. 2014ж И.Журба атындағы жалпы орта мектеп болып қайта құрылған.	
Құрылыс салынған жылы:	2013 жыл	
Қабаттар саны	3	
Ғимарат аумағы:	жалпы көлемі-3739,5 шм	
Мектептің жобалық сыйымдылығы:	300	
Оқу кабинеттер саны	24	
Компьютерлер саны	56	
планшет	10	
ноутбук	65	

Оқушылар контингенті туралы ақпарат

- Мектепте барлық оқушылар саны: мектеп алды даярлық тобымен қосқанда 981 бала.
Мектеп алды даярлық тобында-3 топ- 61 бала, 1 сынып-4 топ -103 бала; 2 сынып-4 топ -96 бала; 3 сынып- 4 топ – 86 бала, 4 сынып- 4 топ -96 бала. 5 сынып-6 топ -153 бала; 6 сынып-3 топ -87 бала; 7 сынып- 4 топ -94 бала, 8 сынып- 3 топ -74 бала. 9 сынып- 3 топ -77 бала,10 сынып- 2 топ -40 бала, 11 сынып- 1 топ -17 бала
- Ықшам ауданда 0-18 жас -2310 бала, 6-18 жас -1424 бала, басқа мектептерге қатынап оқитындар -474 бала.
- Осы мектепте оқитыны -981 бала.

Ықшам ауданның контингентінің көбеюіне байланысты мектептегі оқушы қозғалысының өсімі басым. Ықшам ауданда тұратын отбасыларының басым бөлігі әлеуметтік отбасы болып отыр. Алдағы уақытта да жана үйлердің салынуына байланысты бала санында өсім болады деген болжам бар.

Оқушы контингентінің басым жақтары	Оқушы контингентінің қауіпті жақтары
• мектеп орналасқан ықшам ауданда тұратын оқушылардың санының көптігі;	• ықшам ауданда тұратын отбасыларының әлеуметтік жағдайының төмендігі;

Анықталған мәселе:

- ықшам ауданда тұратын отбасыларының әлеуметтік жағдайының төмендігі;
- мектептің жобалық қуатының аздығы, орын тапшылығы

Шешу жолдары:

- әлеуметтік қолдау орталықтарына есепке тіркелуге, құжаттануларына көмек беру;
- мектеп психологы мен әлеуметтік педагог тараптарынан тренинг, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.
- қосымша жаңа ғимараттың салынуына ықпал жасау.

**4.2. Мектептің 2022-2026 жылдарға білім беру жүйесінің жағдайына талдау.
Оқушылар контингенті. Жылдар бойынша оқушылар контингентінің өзгеруі.**

Оқыту кезеңдері	2016-2017 оқу жылы			2017-2018 оқу жылы			2018-2019 оқу жылы			2019-2020 оқу жылы			2020-2021 оқу жылы		
	Саны		Орташа толымдылығы	Саны		Орташа толымдылығы	Саны		Орташа толымдылығы	Саны		Орташа толымдылығы	Саны		Орташа толымдылығы
	оқушы	сынып		оқушы	сынып		оқушы	сынып		оқушы	сынып		оқушы	сынып	
Мектеп алды даярлық	70	3	23	73	3	24	61	3	20	60	3	20	66	3	22
Бастауыш мектеп	292	12	24	301	13	23	328	15	22	333	11	30	343	14	25
Негізгі мектеп	235	9	26	288	12	24	294	13	23	322	14	23	357	15	24
Орта мектеп	46	2	23	45	2	23	31	2	16	38	2	19	68	3	23
Мектеп бойынша барлығы	643	26	25	707	30	24	714	33	22	753	33	23	834	35	24

Оқушы контингентінің өсуінің болжамды кестесі

Оқыту кезеңдері	2021- 2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылы			2024-2025 оқу жылы			2025-2026 оқу жылы		
	Сынып ком. плект	Бала саны	Орташа толымдылығы	Сынып ком. плект	Бала саны	Орташа толымдылығы	Сынып ком. плект	Бала саны	Орташа толымдылығы	Сынып ком. плект	Бала саны	Орташа толымдылығы	Сынып ком. плект	Бала саны	Орташа толымдылығы
Мектеп алды даярлық	3	71	24	3	70	23	3	70	23	3	70	23	3	70	23
Бастауыш мектеп	15	368	25	15	380	25	16	390	25	17	416	24	18	440	24
Негізгі мектеп	15	388	26	17	408	24	17	425	26	18	450	25	19	470	24
Орта мектеп	3	54	18	3	70	23	4	80	23	4	94	24	4	95	24
Мектеп бойынша барлығы	36	881	24	38	928	24	40	970	24	42	1030	24	44	1075	24

Оқу кезеңдері бойынша 5 жылға білім сапасының көрсеткіштері

	2016-2017 оқу жылы			2017-2018 оқу жылы			2018-2019 оқу жылы			2019-2020 оқу жылы			2020-2021 оқу жылы		
	Оқушы саны		%	Оқушы саны		%	Оқушы саны		%	Оқушы саны		%	Оқушы саны		%
	Басы	аяғы		басы	аяғы		басы	аяғы		басы	аяғы		басы	аяғы	
1-4 сыныптар	292	292	64%	301	284	59%	328	326	54,6%	333	358	59%	343	350	61%
5-9 сыныптар	235	240	41%	288	283	37,8%	294	311	43,3%	322	320	45%	357	355	48%
10-11 сыныптар	56	44	34%	45	47	44,7%	32	34	52,4%	38	48	46%	68	69	55%
Барлығы	573	576	52%	634	614	48%	654	671	48%	693	726	52%	768	774	55%

Оқу кезеңдері бойынша 5 жылға болжамды білім сапасының көрсеткіштері.

	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы		2025-2026 оқу жылы	
	Оқушы саны	%	Оқушы саны	%	Оқушы саны	%	Оқушы саны	%	Оқушы саны	%
1-4 сыныптар	368	62%	380	63%	390	64%	416	65%	440	66%
5-9 сыныптар	338	49%	408	51%	425	52%	450	54%	470	55%
10-11 сыныптар	54	57%	70	58%	80	58%	94	58%	95	58%
Барлығы	810	56%	858	57%	895	58%	960	59%	1005	60%

Қорытынды аттестаттауды талдау

11 сынып бойынша

Оқу жылдары	Түлектер	Білім сапасы	Орташа балл	Үздік аттестат	Алтын белгі
2016-2017 оқу жылы	15	34%	3,4		
2017-2018 оқу жылы	28	43%	3,5	1	1
2018-2019 оқу жылы	18	61%	3,7	4	
2019-2020 оқу жылы	15	47%	3,7	2	2
2020-2021 оқу жылы	33	51%	3,7	3	2
2021-2022 оқу жылы	33	52%	3,7	6	

Оқу жылдары	Түлектер	Білім сапасы	Орташа балл	Үздік аттестат	Алтын белгі
2022-2023 оқу жылы	20	54%	3,8	4	
2023-2024 оқу жылы	45	50%	3,6	7	5
2024-2025 оқу жылы	45	55%	3,8	5	3
2025-2026 оқу жылы	45	56%	3,8	3	1

9 сынып бойынша

Оқу жылдары	Түлектер	Білім сапасы	Орташа балл	Үздік аттестат
2016-2017 оқу жылы	33	39%	3,5	6
2017-2018 оқу жылы	45	38%	3,5	6
2018-2019 оқу жылы	52	35%	3,4	5
2019-2020 оқу жылы	48	49%	3,5	5
2020-2021 оқу жылы	49	50%	3,7	8
2021-2022 оқу жылы	82	45%	3,5	11

Оқу жылдары	Түлектер	Білім сапасы	Орташа балл	Үздік аттестат
2022-2023 оқу жылы	72	48%	3,5	6
2023-2024 оқу жылы	70	50%	3,6	3
2024-2025 оқу жылы	84	52%	3,7	8
2025-2026 оқу жылы	85	53%	3,7	10

Оқушылардың қалалық (аудандық, облыстық, республикалық) пән олимпиадаларына қатысуына талдау

Оқу жылдары	Сынып	Орыс тілі		Қазақ тілі		Ағылшын т		Биология		Химия		География		Физика		Қазақстан тарихы		Дүниежүзі тарихы		Математи ка	
		Оқушы саны	Жүлде орындар	Оқушы саны	Жүлде орындар	Оқушы саны	Жүлде орындар	Оқушы саны	Жүлде орындар	Оқушы саны	Жүлде орындар	Оқушы саны	Жүлде орындар	Оқушы саны	Жүлде орындар	Оқушы саны	Жүлде орындар	Оқушы саны	Жүлде орындар	Оқушы саны	Жүлде орындар
2016-2017ж	9-11	2	1	2	2	2	0	2	1	2	1	2	1	1	0	1	1	1	1	1	0
2017-2018ж	9-11	2	0	2	1	2	1	2	1	2	1	2	0	1	1	1	0	1	0	1	1
2018-2019ж	9-11	2	1	2	2	2	0	2	1	2	1	2	1	1	0	1	0	0	0	1	1
2019-2020ж	9-11	2	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	0	0	0	1	0
2020-2021ж	9-11	1	0	1	1	1	1	1	0	1	1	1	0	1	0	1	1	0	0	1	1

Оқушылардың қалалық (аудандық, облыстық, республикалық) пән олимпиадаларына қатысуына болжамды талдау

2021-2022 оқу жылы			2022 -2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылы			2024-2025 оқу жылы			2025-2026 оқу жылы		
Бала саны	Жүлде саны		Бала саны	Жүлде саны		Бала саны	Жүлде саны		Бала саны	Жүлде саны		Бала саны	Жүлде саны	
12	5		15	7		25	11		28	14		30	21	

Педагогтардың аттестаттаудан 5 жылда өткен көрсеткіштері

Санаттар	2016-2017	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Жоғары	11 (18 %)	12 (18%),	5 (7%),	3 (4%)	3 (4%)	2(6%),
I	11 (18 %)	10 (15%),	2 (2%),	2 (3 %)	1 (1%)	
II	14 (23 %)	23 (35%),	9 (13%),	9 (12%)	7 (9%)	3(4%),
Педагог -зерттеуші			15(21%),	18(24%),	19(25%),	20(25%),
Педагог-сарапшы			12(17%),	13(17%),	14(18%),	16(20%),
Педагог-модератор			8(11%),	9(12%),	17(22%),	26(32%),
Санатсыз	25 (41 %)	21(32%),	17 (24%),	21 (28 %)	15 (20%)	13(16%),
Барлығы	61	66	71	75	76	80

Педагогтардың аттестаттаудан 5 жылда өтудің болжамды көрсеткіштері

Санаттар	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Жоғары	1(1%),			
I				
II	1 (1%),			
Педагог -зерттеуші	20(23%),	24(26%),	26(28%),	28(29%),
Педагог-сарапшы	20(23%),	22(24%),	24(26%),	26(27%),
Педагог-модератор	32(37%),	28(31%),	28(30%),	30(31%),
Санатсыз	13(15%),	16 (17%),	15 (16 %)	13 (13%)
Барлығы	87	90	93	97

Материалдық техникалық базамен қамтамасыз етілуі.

Мектептің құрылған жылы- 1965ж.

Жаңа ғимараттың салынған -2013жыл . Жалпы көлемі-3739,5 ш.м,

Жылу жүйесі автономды қазандық. Сумен жабдықтау жүйесі орталықтандырылған. Кәріз жүйесі жеке септик.

Әжетханалар іште орналасқан.

Оқу кабинеттерінің саны-24, кабинеттер оқу жоспарларына сәйкес жеткілікті. Лингафон, мультимедиялық кабинеттер, информатика, биология, химия, физика , АӘД, робототехника кабинеттері және шеберханалар бар.

Шеберханалар: ағаш шеберханасы, тігін шеберханасы .

Спортзал саны-1. Киім ауыстыратын, жуынатын бөлме, душ бар.

Спорт алаңдарынан футбол және волейбол, баскетбол алаңдары бар.

Кітапхана оқулықтар мен әдеби кітаптармен қамтылған.

Асхана жұмыс жасайды. Жабдықталған.

Медкабинет, процедуралық кабинет бар.

Информатика кабинеті жабдықталған, интернет желісіне қосылған. Интернет байланысы кең жолақты, жылдамдығы 8мБайт.

Жобалық қуаты 300 балаға арналған. 3 қабатты типтік қосымша ғимарат құрылысының жобасы жоспарланып тұр.

4.3. Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау.

Кадрлық ресурстар				
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)	
-Педагогикалық ұжымның біліктілік деңгейінің көрсеткіші 52 % ды құрайды, мерзімінен бұрын біліктілігін арттыруға қызығушылықтарының болуы; - Мұғалімдердің «Халықаралық PISA, TIMSS, PIRLS салыстырмалы зерттеулерге оқушылардың дайындығын қалыптастыруда, мұғалім қызметінің ғылыми - дидактикалық негізі» біліктілігін арттыру курсынан өткені-12% -Жалпы 80 мұғалімнің 42-ы жиырма жылға дейінгі еңбек өтілінде , яғни ұжымның орта жасы білім берудегі өзгерістерге тез бейімделетін, өз мамандықтарының жемісін көрсетуге және көруді мақсат еткен шақтағы мамандар.	- педагог кадрлардың жоғары оқу орнын сырттай бітіргендер үлесі басымдау. -білім саласындағы жаңалықтарға , өзгерістерге бейімделуі баяу.	-педагогтарды біліктілік арттыру курстарына жиі жіберу. -педагогтардың сапасын арттыру мақсатында мектепте әдістемелік оқулар айына бір рет өткізіп отыру. -педагогтардың жаңалықтардан хабардар болу үшін тоқсанына бір рет саяси сабақтар өткізіп отыру.	- Педагог кадрлар мен мектеп әкімшілігіне артылатын жұмыс көлемінің ұлғаю қаупі; -қағазбастылық пен есеп беру түрлерінің көбеюі. -интернет желісіне тәуелділігі.	

Материалдық-техникалық ресурстар

Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
-Жылу және жарық режимдері сақталады. -Өртке қарсы сигнализация жұмыс жасайды. - Барлық кабинетте икемдеген оқушы партасы, ауыз сумен қамтамасыз етілген. - Мектеп асханасы: керекті ыдыстар, қазіргі тамақ үстелдерімен қамтылған. -Спортзалдар, спорттық алаң, спорт жабдықтары бар. -Интерактивті тақталар, проекторлар, компьютерлер, ноутбуктер, кітапхана, оқу залы, информатика кабинеттері бар.	-Интерактивті тақта, мультимедиялық проектор, экран, сканер, принтер әр кабинетке қажет.	-100% балаларды ыстық тамақпен қамту - ағымдағы жөндеу жұмыстарын сапалы жүргізіп отыру. - мүліктер мен жиһаздардың сақталынуына жауапкершілікпен қарау.	-Төтенше жағдайлардың болуы (өрт, дауыл, күннің қатты сууы) -Жиһаздар мен мүліктердің сапалығының төмен болуы, яғни тез тозуы.

Ақпараттық ресурстар

Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
-мектептің өз парақшасы ашылған. -әлеуметтік желіде дұрыс ақпараттар жариялануда. - іс -шараларда интернет материалдары тиімді пайдаланылуда. -мектеп құжаттары электронды нұсқада толтыруда. (Күнделік.кз, ҰББД және т.б) -Баспасөз беттерінде материалдар жарияланып тұрады.	-ақпараттық технологияны толық меңгере алмауы. -интернет желісінің жылдамдығының төмендегі. --мұғалімдердің жалған ақпаратты сараптай алмауы.	- сабақтарда және сабақтан тыс уақытта интернет желісін пайдалану - ҰББҚ -ның мәліметтерінің мұғалімдерге қолжетімділігі. -барлық кабинеттердің интернетпен жабдыкталуы	- Хакерлік шабуылдар. -жалған ақпараттардың тез таралуы

Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу әдістемелік шарттар

Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
- Білім беру жүйесіндегі сыналған модель жаңа білім беру жүйесі технологиясы; - Кешенді жаңартылған білім беру жүйесін іске асыру;	- Оқу-тәрбиелеу процесі мен мазмұнының қазіргі экономикалық даму талаптарына, білім беру процесіне сәйкессіздігі;	-Жаңа технологияларды білім беру процесіне енгізу -Мектептің тәрбие жұмысы жүйесіне әлеуметтік жобалау технологиясын енгізу;	-Жіберілген қателер негізінде қауіпті ескере отырып, ұйым ішінде үштілділікке көшу формуласын жүзеге асыру;

- Ғылыми –әдістемелік жұмысты сапалы ұйымдастыру, педагогикалық қызметкерлердің оқуы мен дамуы, мектепшілік бақылау жүйесі; - Қоғамдық ұйымдар мен басқа да білім беру мекемелерімен қарым-қатынас.	- оқушыларды тәрбиелеу мен білім беруде ақпаратты құралдарды жеткіліксіз қолдану;	-Ата-ана тәрбиесінің деңгейін жоғарылату жүйесін жасау; -Мектептің даму мәселелерін шешуде әлеуметтік серіктестерді шақыру;	-жаңартылған білім мазмұнын игеруде кейбір оқушылардың дайын еместігі немесе жекелеген оқушылардың игеріп кетуіне күзиреттіліктерінің қалыптаспауы; - Жана білім беруді игеруде кейбір педагогтердің қиындыққа ұшырауы;
---	--	---	---

Білім беру мазмұнын іске асыру			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
-Мектепшілік құқықтық базасының болуы -Көпдеңгейлі, функционалды басқару жүйесінің болуы, қоғамдық басқару структурасын қоса есептегенде; -	-Білім беру үдерісінде дәстүрлі және ескірген әдіс-тәсілдерді қолдануы; - Жана инновациялық технология мүмкіндіктерін толық қолданбау;	-Мектептің дамуын көпшілік ата-аналар мен отбасыларының қолдауы. -Жеке кәсібі бар ата-аналарды, жеке кәсіпкерлерді жалпы іс- шараларға қатысуға тарту. - Қамқоршылық кеңес жұмысын жоғары деңгейде жүргізуге жұмылдыру	-ОЖСБ, халықаралық PISA, TIMSS, PIRLS салыстырмалы зерттеулер; -Жаңартылған білім мазмұнын игеруде кейбір оқушылардың дайын еместігі немесе жекелеген оқушылардың игеріп кетуіне күзиреттіліктерінің қалыптаспауы;

Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін даму шарттары, білім беру сапасы			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
-«Жас дарын» орталығының жұмысының жүргізілуі. -«Олимпиада резервтері» жұмысы жүргізілуде. -интернет олимпиадаларға қатысуда оқушылардың белсенділігі жоғары. -спорттық үйірмелерге қатысушылардың басымдылығы.	-Оқушылардың пәндік олимпиадаларға және оқуға деген ынтасының орташа деңгейде болуы; - Оқушыларды тәрбиелеу мен білім беруде ақпаратты құралдарды жеткіліксіз қолдану; -137 баланың аз қамтылған отбасынан болуы.	-Жұмастың нәтижелі болуы үшін қосымша білім беруге ЖОО, Дамыту орталықтарынан, Өнер мектептерінен, спорт мектептерінен мамандарды шақыру;	-Әлеуметтік отбасынан шыққан оқушылардың сабаққа дайындығына жағдай болмауы. -Дәстүрлі емес инновациялық, кіріктірілген, жеке тұлғаға бағытталған, зерттеу сабақтардың өтілмеуіне орай оқушылардың оқуы мен шығармашылық қабілеттерінің төмендеуі.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
-«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бойынша жоспарланған шаралар 97% орындалуы -Ата-аналардың жалпы білім	-Сынып белсенділерінің жұмысын ұйымдастыру әлсіз. -Мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызы зор мәдени орталықтар,	-Қоғамдық байланыстарды кеңейту, мектепке әлеуметтік әріптестерді табу -білім беру кеңістігіндегі көшбасшылардың бірі ретінде мектеп мәртебесін көтеру	-Ата-аналардың өз жұмыс бастылығы -Ата-аналардың отбасылық құндылықтарды бала бойына сіңіруі, рухани жаңғыру негізіндегі отбасы тәрбиесінің төмендігі.

беру іс-шараларына катысуу -Жаңақазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие және дене тәрбиесі және салауатты өмір салты тәрбиесі бағыттарының жоғары нәтижелілігі. - «Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымдарының жұмыстарының жүйелілігі.	концерттер, мұражайлар, театрларға барудың төмендігі. -Оқушылар арасында оқырмандарды қалыптастыру бойынша жеткіліксіз жұмыс. - «100 кітап» жобасын насихаттау, ұйымдастыру жеткілікті деңгейде жүрмеуі.		-Мектеп оқушыларының даму көрсеткіштерінің төменділігі
---	--	--	--

Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
-Салауатты өмір салтын сақтаудың іс шараларының 95% орындалауы. -Сынып жетекшілердің белсенділігі -Салауатты өмір салтын сақтауды насихаттаудың жақсы дәрежесінде жүргізілуі.	-Жоғары сынып оқушыларының немқұрайлығы. -Жаман әдетке тез бейімділігі.	-Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыру қабілетінің жоғары болуы.	-түрлі аурулардың пайда болуы мен таралуы -оқушылардың жарақаттануы

5.1. Мектептегі дамыту бағдарламасының Тұжырымдамасы

Мектептің Тұжырымдамасы - бұл даму бағдарламасын іске асыру нәтижесінде мектептің қандай болатынын, оның болашағын айқындайтын құжат. Мектепті дамыту әртүрлі жолдармен іске асады, соның ішінде ең негізгі тиімді жолын таңдау-бағдарламаның негізгі міндеті. Оның шешімі мектепті дамыту және негізгі бағыттарын, стратегиясын жасау үдерісінде іске асады.

Әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде өмір сүруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адами ресурстардың ұтқырлығы. Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектептегі білімге қолжетімділігін, зерттеу және шығармашылық құзыреттіліктерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді.

5.2. Мектеп миссиясы

Мектептің болашағын айқындайтын тұжырымдаманы қалыптастыруда ең алдымен «мектеп миссиясы» түсінігін, қай проблеманы ең алдымен шешу және әлеуметтік сұраныстың қай бөлігін жүзеге асыруды қолға алуымыз қажет екенін анықтау керек. (**Миссия** – ұйымның не үшін және қандай себептермен өмір сүретінін көрсететін ұғым, яғни миссия ұйымның басқа ұйымнан ерекшелігін, өмір сүруінің мән-мағанасын мақұлдау)

Бұл жерде екі ұстанымды басшылыққа алуға болады: бір жағынан, білім беруді жаңғырту стратегиясын жүзеге асыру қажеттілігі, екіншіден, педагогикалық үдеріске негізгі қатысушылар: оқушылар, педагогтар, ата-аналардың сұранысын қанағаттандыру қажеттілігі.

Мектепті дамыту-әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде тұлғаға бағытталған тұтас дүние туралы, яғни әр баланың жеке дамуын қамтамасыз ететін жан-жақты білім беру қажет. Сонда ғана мектеп «өзінің және қоғам мүддесіне орай өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі дүниеде өмір сүре алатын, білімді, шығармашыл, құзырлы және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру және дамыту» мақсатын көздейтін білім берудің жаңа сапасына қол жеткізеді. Мектеп мұғалімдеріне келетін болсақ әр мұғалімнің өз бетінше дамуына, оның шығармашылығына, мұғалімнің өз бетінше дамуына, оның шығармашылығына, мұғалімнің өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау керек.

Бағдарламаның бағыты, мақсаты, міндеттері

Бағдарлама бағыты:

Әлеуметтік байланыс жүйесіндегі мектептің орнын, бүгінгі жеткен даму деңгейін, мектептің болашақ бейнесін, мектепті дамытудың стратегиясы мен әдіс-тәсілдерін анықтау және нақты жоспар құру.